

"Қазақмыс" мемлекеттік холдинг компаниясы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 17 қыркүйек N 907. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.12.14. N 1725 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Кен-металлургия кешенін мемлекеттік реттеуді жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1287 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қазақмыс" мемлекеттік холдинг компаниясы (бұдан әрі - Компания) құрылсын.

2. Компания басқармасының орналасатын жері Жезқазған қаласы болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті:

осы қаулыға тіркелген қосымшаға сәйкес мемлекеттік кәсіпорындардың, ұйымдар мен акционерлік қоғамдардың құрамында Компанияны құру жөніндегі құрылтай құжаттарының пакетін бір ай мерзім ішінде әзірлесін;

Компанияға кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік мүлкін, сондай-ақ бұрын құрылып, Компанияның құрамына енгізілген акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену, пайдалану және басқару құқығын беретін болсын.

Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды акцияландыру барысына қарай акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті өткеретін акциялардың пакеттерін қоспағанда, Қазақстан Республикасында 1993-1995 жылдары (II кезең) мемлекет қарамағынан алу мен жекешелендірудің Ұлттық бағдарламасында көзделген тәртіппен Компанияның иеленуі, пайдалануы және басқаруына берілетін болсын.

4. Компания қызметінің негізгі мақсаттары мыналар деп белгіленсін:

мыс өндіру өндіріс саласында жұмыс істейтін кен-металлургия, кен өндіру, машина жасау кәсіпорындарының қызметін үйлестіру;

түсті металдар өндіру және олардан өнім алу, кен базасын дамыту, кен өндіру өнеркәсібі үшін машина жасауды дамыту, өндірісті техникалық жағынан қайта жарақтандыру, тамақ өнімдері мен көпшілік қолды тауарлар өндіру, айналадағы

ортаны қорғау жөнінде аса маңызды ғылыми-техникалық бағдарламалар жасау және оларды мемлекеттік инвестициялау;

Компания кәсіпорындары өндіретін өнімді экспортқа шығару үшін берілетін лицензияларды келісу;

қатысушылардың Жарғы қорына қосқан жарналарының мөлшерінде қаржы ресурстарын шоғырландыру, оларды тиімді пайдаланудың стратегиясы мен ұтымды мүмкіндіктерін айқындау;

қатысушы кәсіпорындарды нығайту қажет болған кезде қаржылай көмек беру ;

түрлі акционерлік қоғамдар құру, акциялар және басқа бағалы қағаздар шығару, оларды ішкі және сыртқы нарықтарда өткізу;

кәсіпорындардың сыртқы экономикалық қызметін үйлестіруді жүзеге асыру;

Компанияның құрамына кірген кәсіпорындардың басшыларын тағайындау және бекіту;

еншілес қоғамдар мен кәсіпорындардың Байқаушы кеңестерін қалыптастыру, оларға өз өкілдерін тағайындау.

5. Компания бұрын құрылған акционерлік қоғамдардың басшылығын өз орнында қалдырып, олардың Байқаушы кеңестерінің құрамына өз өкілдерін тағайындайтын болсын.

6. Еншілес қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерінің дивидендтері алғашқы үш қаржы жылы ішінде, Компанияның аппаратын ұстауға арнап бөлінетін қаржыны қоспағанда, олардың өндірісін дамытуға бағытталады.

7. "Жезқазғантүстіметалл" акционерлік қоғамының қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің белгіленген тәртібі Компанияның аппаратына қолданылатын болсын.

8. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі, "Қазақстан түсті металдары" Ұлттық акционерлік қоғамы Компанияның қызметін қамтамасыз ету жөнінде ұйымдастыру шараларын қабылдасын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Компанияның Байқаушы кеңесінің дербес құрамы және оның президенті қызметіне кандидатура жөнінде ұсыныс енгізетін болсын.

9. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі

мемлекеттік комитеті және оның аумақтық комитеті

"Жезқазғантүстіметалл" акционерлік қоғамымен бірлесіп қолда бар ресурстар есебінен Компанияға қажетті қызмет үй-жайларын, техникалық құралдарды, телефон мен телекс байланысы арналарын бөлетін болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 17 қыркүйектегі
N 907 қаулысына

Қосымша

"Қазақмыс" мемлекеттік холдинг компаниясына
енетін кәсіпорындардың

Тізбесі

"Жезқазғантүстіметалл" акционерлік қоғамы, Жезқазған қаласы

"Балқашмыс" өндірістік бірлестігі, Балқаш қаласы

"Массагет" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы

<*>

<*>

Жезқазған құс шаруашылығы өндірістік бірлестігі, Жезқазған қаласы Бозшакөл,
Ақтоғай, Айдарлы, Жыланды, Бөрілі, Қаратас және Шатыркөл кен орындарының
негізінде салынып жатқан кәсіпорындар "Гея" ұжымдық өнеркәсіп-сауда
кәсіпорны, Жезқазған қаласы

Ескерту. Қосымшадан кәсіпорындар алынып тасталған - ҚРМК-нің
1995.10.23. N 1375 қаулысымен.